

Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы

Өткен күні: 31.08.2023ж

Қатысқандар: 4

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
Меңгеруші: Р.Тилеубаева
2. Жас мамандар мен таныстыру, тәлімгер бекіту.Әдіскер:
А.Қасымбекова
3. 2023-2024 оқу жылында бекітілген топтармен оларға жауапты
тәрбиешілерді бекіту. Меңгеруші: Р.Тилеубаева
4. Балабақша педагогикалық ұжымын 2023-2024 оқу жылының
нұсқау хатымен таныстыру, ондағы өзгерістерді талқылау.
Әдіскер: А.Қасымбекова
5. Балабақшаның жылдық жоспарын, педагогтердің жылдық
жоспарларын, оқу жоспарын, балалардың күн
тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін талқылау, бекіту.
Әдіскер: А.Қасымбекова
6. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Аттестаттау
комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту. Меңгеруші: Р.Тилеубаева

1.ТЫҢДАЛДЫ: Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Р.Тилеубаева педагогтерді жазғы сауықтыру шараларының жоспар бойынша жүзеге асырылғанын айтып, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Жаңа оқу жылындағы педагогтардың құрамымен ақпараттандырды. Сонымен қатар, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырып, педагогикалық кеңестің өз құрамынан бір жылдық мерзімде хатшы сайлау керектігін айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Әдіскер А.Қасымбекова тәрбиеші Т.Нұрашова хатшы етіп сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші дысайлауды ұсынды.

2.ТЫҢДАЛДЫ: Екінші мәселе бойынша, әдіскер А.Қасымбекова жаңа оқу жылында педагогикалық ұжымға жаңадан қосылған жас мамандарды атап, оларға әдістемелік көмек көрсететін тәлімгерлерді тағайындады. Олар: жас маман А.Түзелова оған тәлімгер тәрбиеші Т.Нұрашова

3.ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша меңгерушісі 2023-2024 оқу жылындағы топтарғы жауапты тәрбиешілерін тағайындады.Олар:

| Топтар | Жасы | Балалар саны | Тәрбиешілері |
|--------------------------|-------------------|--------------|--------------|
| «Балапан» кіші тобы | 2 жастағы балалар | 20 | Т.Нұрашова |
| Ортаңғы «Балдырған» тобы | 3 жастағы балалар | 25 | Б.Ақылтаева |
| «Көгершін» ересек тобы | 4 жастағы балалар | 25 | А.Түзелова |

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Қасымбекова педагогтерді 2023-2024 оқу жылына арналған нұсқау хаттың мазмұнымен таныстырды.Әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылындағы белгіленген негізгі міндеттердің бағытын атады.Соның негізінде балабақша 2023-2024 оқу жылына белгілеген міндеттері төменгідей екенін атады:

- Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін,қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- Тәрбиеленушілердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру;
- «Білімді ұлт» жобасы аясында шаралар ұйымдастыру арқылы балаларды Отанды,ана тілін сүйуге,ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу.

Сонымен қатар, әдістемелік нұсқау хатта ұсынылған 2023-2024 оқу жылындағы басшылыққа алатын 18 нормативтік құқықтық құжаттарды атады.Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру білім беру ұйымдарының топтарында заттық-дамытушы ортаны талапқа сай ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатынын ескертті.Заттық-дамытушы ортаның балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта болуы керектігі айтылды.

Ағымдағы оқу жылының циклограммасына ұлттық, маусымдық киімдегі қуыршақтарды, «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығын, ойыншық жиһаз, ойыншық ыдыстар жиынтығы, машиналар, көліктер жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы), құммен ойнауға арналған жиынтық, ойыншықтар, туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар, көкөністер мен жемістердің муляждары тақырыбында сюжетті-рөлдік ойындар жоспарлауы ұсынылады.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Қасымбекова 2023-2024 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жоспарымен таныстырды. Онда негізгі 5 бөлімнің қаралатыны айтылды: 1) Салауатты өмір салтын ұйымдастыру; 2) Кадрлармен жұмыс, 3) Білім беру процесін ұйымдастыру, 4) Әлеуметпен жұмыс, 5) Басқару мен басшылық. Әр бөлімнің өзіне тиесілі тармақтары бар екені және сол бойынша жұмыс атқарылатыны айтылды.

Циклограмманы тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп жасайтынын айтты. Циклограммада ұйымдастырылған іс әрекеттер мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланатынын, циклограммада педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді кіріктіре отырып, шешу үшін, ұйымдастыратын түрлі балалар әрекетін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) айқындайтыны айтылды.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекеттер бөлімін құрастыруда алдымен тақырыбы егер болған жағдайда, ал тақырып болмаған кезде ойын немесе әрекет түрлері жазылып, Перспективалық жоспарда айқындалған әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша міндеттерге жету үшін бір күнге бірнеше міндеттер айқындалатыны айтылды. Осыған сәйкес балабақшада құрылған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі мен күн тәртібін ұсынды.

6. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын алтыншы мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Р.Тилеубаева 2023-2024 оқу жылына аттестаттау комиссиясына құрамын сайлап, бекіту керектігін айтты. Сайланған комиссия құрамы жаңа форматта аттестатталушы педагог қызметкерлер мен оларға кеңестірілген тұлғалардың жұмыс барысын бақылап, портфолио жүйесінің дұрыс жасалуын қадағалайтынын айтты. Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, аттестаттау комиссиясының хатшысы және мүшелері енгізіледі. Аттестаттау комиссиясына неғұрлым тәжірибелі педагог қызметкерлері кіреді. Аттестаттау комиссиясының мүшелері тақ

саннан тұрады. Сол себепті біз биылғы оқу жылына бестен кем тұрмайтын аттестаттау комиссиясын сайлауымыз керек. Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңізді ортаға салуларын сұрады.

1. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Әдіскер А. Қасымбекова

Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып, меңгеруші Р. Тилеубаева, орынбасары болып А. Қасымбекова, Мүшелері: тәрбиешілер А. Түзелова, Б. Ақылтаева ал хатшысы ретінде Т. Нұрашованы ұсынамын деп сөзін аяқтады.

Педагогтар әдіскердің ұсынысын қолдай отырып, аталған тәрбиешілерге қарсылық білдірмейтіндігін айтты. Қатысушылар бір ауыздан ұсынысты қолдап, қарсылық білдірмейтіндіктерін айтты.

ШЕШІМІ:

1. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып Т. Нұрашова сайлансын.
2. Жас маман А. Түзелова тәлімгер Т. Нұрашова жүктелсін.
3. 2023-2024 оқу жылында бекітілген топтар мен оларға жауапты тәрбиешілер бекітілсін.
4. Балабақша педагогтеріне 202-2024 оқу жылына арналаған әдістемелік нұсқау хаттың мазмұны таныстырылсын.
5. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылына арналаған оқу мен тәрбие жоспары талқыланып, бекітілсін.
Балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс әрекеттер кестесі бекітілсін.
6. Аттестаттау комиссиясының хатшысы болып Т. Нұрашова сайлансын. Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып Р. Тилеубаева, төрайымының орынбасары А. Қасымбекова, мүшелері болып А. Түзелова, Б. Ақылтаева сайлансын.
Коммисия құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын.

Төрайым : Р. Тилеубаева
Хатшы : Т. Нұрашова



Педагогикалық кеңестің

№2 хаттамасы

Өткен күні: 04.10.2023ж

Қатысқандар:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу.
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Р.Тилеубаева №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақша 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс жасап жатқанын айтты. Балалардың даму құзыреттілігін анықтайтын мониторинг жұмысының бастапқысы қыркүйек айында алынғанын, оның нәтижесі №4 педагогикалық кеңесте аралық мониторингпен салыстырмалы түрде көрсетілетінін айтты. Әдістемелік көмекті қажеттетін жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер өз жұмысын жасап жатқанын және тәрбиешілер өздеріне бекітілген топта жұмыс жасап жатқанын айтты.

2.ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша әдіскері А.Қасымбекова «біздің балаларымыздың денсаулығы неге байланысты?» деген сауалды ортаға салды. (танертеңгілік жаттығулар, серуендеу, желдету, күн тәртібін сақтау, дене шынықтыру, қимылды ойындар, дене жаттығулары, музыка сабақтары, ұйқыдан кейінгі жаттығулар, белсенді демалыс). Одан әрі «Денсаулық дегеніміз не?», «Денсаулық сақтау технологиялары дегеніміз не?» деген сауалдарды ортаға салып талқылады. "Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?" тақырыбында педагогтар өз тәжірибесімен бөлісетін болады. Біздің балабақшада күн сайын, барлық жас топтарында денсаулықты нығайтуға көмектесетін және балалардың дене бітімін жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дене жаттығуларының бірнеше түрлері ұсынылады.

3.ТЫҢДАЛДЫ: Тәрбиеші А.Түзелова «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Ол білім беру процесінде қолданылатын балалардың денсаулығына пайдасын тигізетін барлық технологиялар денсаулық сақтау білім беру технологиялары болып табылады. Бізде мектепке дейінгі ұйымның ерекшелігін ескере отырып, баланың эмоциялық күйіне, оның толыққанды дамуына және әрбір баланың мектепке дейінгі ұйымда денсаулық деңгейін арттыруға ықпал ететін денсаулық сақтау білім беру процесін ұйымдастыруға жағдай жасалғанын айтты. Балабақша жағдайында құрылған денсаулық сақтау ортасы баланың әлеуметте бейімделуін, балалардың қимыл белсенділігін қажетсінуін іске асыруды және қимыл дағдыларын тиімді игеруді қамтамасыз етуге ықпал ететінін айтты.

ШЕШІМІ:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін
2. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар жасалсын.
3. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тапсын.



Педагогикалық кеңестің

№3 хаттамасы

05.12.2023ж

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Қазіргі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық бағыттары». Баяндама. Тәрбиеші А.Түзелова
3. Педагогикалық ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды бағалау. Педагогикалық ұжымды психодиагностикалау. Тест. Педагог-психолог Б.Ақылтаева
4. Ашық ұйымдастырылған іс әрекетін талқылау.«Тісті күте білейік. Кіші топ.Тәрбиеші Т.Нұрашова

1.Тыңдалды: Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері А.Қасымбекова -жалпы балабақшада балалардың танымдық құзыреттілігін дамытуда жоспарлы түрде көптеген жұмыстар атқарылуда. Балабақшамызда балалардың танымын арттыруда күнделікті өткізіліп тұратын ұйымдастырылған іс әрекеті, серуендер мен ойындар кезінде заттардың қасиеттерін бағдарлауға, қоршаған ортаны тануға, құрастыру дағдыларын қалыптастыруда, экологиялық мәдениет негіздерін, қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру, іздеу және эксперименталды іс-әрекеттер ұйымдастырылып, ақпараттық жұмыстар өткізілуде. Демек әр баланың жас ерекшелігіне сай, заттардың қасиеттері мен айырмашылығын сипап сезу; есту, иіскеу арқылы ажыратуға, адамдардың іс-әрекеттерімен, өлі және тірі табиғатпен байланыстырып, себеп-салдарын түсіндіруге, топтастыруға, жүйелеуге, кеңістікті бағдарлауға, табиғатта өзін-өзі ұстай білуге, ересектердің көмегімен түрлі зерттеу мен эксперименттер жасауға, түрлі ақпаратты қалай алуға, ұсынуға болатынын түсінеді. Жыл бойына танымдық құзыреттілікті дамыту жұмыстары жалғасады және тәрбиешілер дайындықпен жүргізеді.

2.Тыңдалды:

Тәрбиеші А.Түзелова «Қазіргі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық бағыттары» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада қазіргі заманда білім беру технологиялары кең тарала бастап, уақыт пен қоғам сұраныстары жоғары деңгейде қанағаттандыруды талап етуде. Соның педагогикалық технологияларының бірнеше түрін атап өтті: Эссе құрастыру, тірек сызбалар түзу, семантикалық кесте түзу, ойын арқылы оқыту, мультимедиялық құралдарды пайлану, компьютерлік ойындар пайдалану, өз пікірін ерекше

айтуға үйрету, әдістен тыс тәсілдер қолдану. Қорытындылап айтсақ бүгінгі күннің талабының ерекшелігі жылдам, қазіргі ортада өмір сүруге қабілетті, өзіндік дамуға даяр, өзі үшін де қоғам үшін де бар мүмкіндігін пайдалана алатын білімді, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру. Соған біздер де өз үлесімізді, іздену арқылы қосып отыруға міндеттіміз деп аяқтады. (баяндама қоса тіркелді)

3.Тыңдалды: балабақша педагог-психологы Б.Ақылтаева ұжымды психодиагностикалау мақсатында тест қабылдады. Тестте ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық жағдайды зерттеуге арналған жедел әдістемелік сұрақтар болды. Ұжымдағы адамдардың жағымды, жағымсыз қасиеттері туралы, іскерлік біліктілігі, қабілеті жөнінде бір-бірінен көмек сұрауы, жеке тұлғалық қасиеттері, демалысты ұжым мүшелерімен өткізуге қалай қарайтыны, жұмыс жөнінде сұрақтар туындағанда кімге сүйенетіні, ұжымдағы қандай атмосфера басым екені жөнінде сұрақтарға жауап алынып, жауаптар құпия сақталады, иесі көрсетілмей жауаптары келесі кеңесте таныстырылатыны жөнінде айтылды.

4.Тыңдалды:

Ашық ұйымдастырылған іс әрекетін талқылау.«Тісті күте білейік».Қоршаған ортамен танысу.кіші топ.Тәрбиеші Э.Орынбасарова
Сөйледі: Б.Ақылтаева Ортаңғы топ тәрбиешісі -маған сабақтың құрылымы ұнады, балалардың зейіні жан-жаққа шашырамай бәрі тапсырманы орындап отырды, сұрақтарға да ойланып жауап берді.Барлығы балаларға түсінікті, ыңғайлы етіп алынған. Тәрбиеші жақсы дайындалған.

Сөйледі: тәрбиеші Б.Ақылтаева -педагог пен балалардың ортасындағы ынтымақтастық, қарым-қатынас жақсы екен, әр балаға берілген тапсырма, баланың қабілеті мен белсенділігін ескерген. Дәрумендердің пайдасын ұғып, тазалық сақтауға дағдыланатыны анық. Тіске, иекке арналған жаттығулар да жасалды, мақал-мәтелдер де болды. Тіс туралы тақпақтар айтылды. Жан-жақты қамтылған.

Сөйледі: Балабақша меңгерушісі Р.Тилеубаева - балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту басты міндетіміз екенін айта отырып, сабақтың өте мазмұны терең, тәрбиелік мәні бар, әсіресе маған ұнағаны балалардың заманауи талаптарға, сұраныстарға сәйкес тіс пастасын, сағыздарды жарнамалауы. Өзін еркін ұстап, тіл байлығының жеткенінше пайдасын айтып түсіндіргісі келіп, ұмтылып, ықыластануы ұнады және балалар зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз көздерімен көріп, қолмен жасап көрді. Жалпы қоғамдағы болып жатқан жаңалықтардан да хабардар болды. Таза жүріп, тісті күту дағдыларын өздеріне сіңіре алды. Жыл бойына өткізілген сабақтардың үздігі деп айтсам, артық етпейді.

Шешім:

1. Кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын. Жауапты:Әдіскер А.Қасымбекова ,педагогтар.
2. Аталған инновациялық әдіс-тәсілдер оқу-тәрбие процесіне ендірілсін.
Жауапты:Әдіскер А.Қасымбекова, педагогтар.
3. Тест сұрақтарына диагностика жасалып, келесі кеңесте сұхбат өткізілсін.Жауапты психолог Б.Ақылтаева
- 4.Тәрбиеші Т.Нұрашова сабағы озық тәжірибе ретінде, тәрбиешілердің тәжірибесіне ендірілсін. Жауапты:Әдіскер А.Қасымбекова,педагогтар.

Төрайым :
Хатшы:



Р.Тилеубаева
Т.Нұрашова

Педагогикалық кеңестің №4 хаттамасы

11.03.2024ж

Қатысқандар: 7

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Сюжетті рольді ойын баланың дамуында алатын орны»Баяндама
3. Тренинг. Педагогтардың білімі мен біліктілігін анықтау.
4. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерді талқылау.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Д.Жұмаділова №3 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақша 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс жасап жатқанын айтты. Әдістемелік көмекті қажеттететін жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер өз жұмысын жасап жатқанын және тәрбиешілер өздеріне бекітілген топта жұмыс жасап жатқанын айтты.Тест сұрақтарына диагностика жасалып,сұхбат берілді.

Тыңдалды: Балабақшы әдіскері Д.Жұмаділова «Сюжетті рольді ойын баланың дамуында алатын орны»атты баяндама оқыды. Ол өз баяндамасында “Баланың қиялы, әсіресе ойында жарыққа шығады. Айналасындағы тұрмыстан нені көрсе, оны істейді. Ойын ойнағанда балалар жанындағы нәселерді пайдаланады”, – дейді Мағжан Жұмабаев. Ойын –тек әрекет емес, балалардың да үлкендердің де қызығушылық ермегі, адамда рахат пен қанағат сезімі. Белгілі ғалым психолог Д.Б.Элкониин: «Ойын – баланы ешкім, ешқашан үйрете алмайтын нәрсеге үйретеді. Бұл нақты өмірге, кеңістікке, құбылыстарға, адамның іс-әрекетіне бағдар беретін зерттеу тәсілі. Ойын үрдісі кезінде балалар зерттеу, сараптама жасау, оқу арқылы өмірге, әлемді танып-білуге бағалауға үйренеді»- демекші ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Балалар ойыны әр алуан, оның өзгеріп отыруы балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы: сюжетті-рөлдік, қимыл-қозғалыс, драматизация, музыкалық, дидактикалық, құрастыру, ұлттық, спорттық, дамытушы ойындары. Әрқайсысының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық функциялары бар. Сюжетті-рөлді ойын — мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ең қызықты ойын түрі. Оны сипаттай отырып, С.Л. Рубинштейн бұл ойын баланың ересектермен өзара әрекеттесуіне негізделгенін атап өтсе, Д.Б. Элькониин ойын баланың зияткерлік және моральдық-еріктік дамуына әсер ететін жетекші қызмет түрі деп атады. Сюжетті-рөлді ойындарды дамытудың маңызды шарттарының бірі балаларға мынандай мінез-құлық ережелерін игерту: ренжіспей, тату ойнау; топта тәртіп сақтау; ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ұстау; досымызға көмектесу. Тәрбиеші бұл ережелерді баланың жүрегіне жол тауып, санасына құйдыра алса әр бала ересектердің мақтауы мен құрметіне лайық болатыны анық. Ойын барысында балалардың мінез-құлқын басқару оңай емес. Ережелер, нұсқауларды «үстірт» немесе «өктем, бұйыра» айтса онда ол есте қалмайды, тәрбиешінің ойынның «ішінде»жүріп, үлгі ретінде көрсетсе тез сақталады. Ережелер бала жадында сақталып қалуы үшін ойын-сабақтар, әңгімелесулер, экскурсия, көркем шығармалар оқу және оны драматизациялауды өткізген абзал. Меңгерген білімдері ойында лайық сәттерді таңдай біліп, оларды қиялдан құрылған жаңа сәттер ойлап таба білулеріне әкеледі. Бірлескен әрекет кезінде бала үшін тәрбиешінің қысымын сезбей,

оның нұсқау беретін ересек емес, қызықты ойнай алатын серіктес ретінде сезінсе ғана ойын бола алады. Бала ойынмен дамиды, ал тәрбиеші міндеті бала мен ойын тізбегінің жетекші және баланыстырушы буынына айналуы.

Тыңдалды: Балабақша психологі Б.Ақылтаева педагогтармен Педагогтардың білім мен біліктілігін анықтау мақсатында тренинг өткізді. Тренинг өте қызықты өтті. Педагогтардың білім деңгейлерін тексеру мақсатында викториналық сұрақтар қойылды.

Тыңдалды: Келесі мәселе ашық іс әрекеттерді талқылау. Балабақша әдіскері Б.Байжанова сөз алды. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер бойынша өз ойын айтты. Ересек топ тәрбиешісі А.Түзелова ашық ұйымдастырылған іс әрекеті өте жақсы өтілді. Жаңа әдіс тәсілдер қолданылды. Балалар емін еркін сұрақтарға жауап беріп отырды. Ортаңғы топ тәрбиешісі Б.Ақылтаева әлі де ізденуі керек екенін айтты. Ұйымдастырылған іс әрекетте өзін еркін ұстап, ойын жеткізуі қажет.

Шешім:

1. Кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын. Жауапты: Әдіскер Д.Жұмаділова, педагогтар.
2. «Сюжетті рольді ойын баланың дамуында алатын орны» Баяндамадағы оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланылсын. Жауапты: Әдіскер Д.Жұмаділова, педагогтар.
3. Педагогтар білімі мен біліктілігін арттыруда іздену жұмыстары жүргізілсін. Педагогтар
4. Тәрбиеші Б.Ақылтаева сабағы балабақша ішінде озық тәжірибе ретінде пайдаланылсын. Педагогтар



Педагогикалық кеңестің № 5 хаттамасы

22.05.2024ж

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талқылау.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі.
3. Жазғы маусымға арналған іс шаралар жоспарын бекіту.
4. Қорытынды мониторинг.

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Д.Жұмаділова сөз алды.

Құрметті әріптестер, кезектегі оқу жылы да аяқталды. Жыл бойы бар күшіміз бен білімімізді, еңбек ете отырып бала бойына сіңіруге әрекет еттік. Әр бала ашылмаған жаңалық, жазылмаған дастан. Көздеріне қарап бар мейірімділікті бергің келеді, әлсіз де икемсіз қолдар мен саусақтарды жан бітіріп, түрлі икемге тәрбиелейміз. Болмашы қимыл іс-әрекет, былдырлаған тілі өзіне бір қуаныш пен сенімділік әкеледі. Ата-ана да бізден осыны күтуде. Білім мен тәрбие қатар жүретінін ұмытпайық. Күшімізді ата-анамен біріктіре отырып болашақ еліміздің тірегі, ұрпағын тәрбиелеуде немқұрайлылық танытпайық.

2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер өз шығармашылық жұмыстарына есеп берді. Және есеп қортындысы жөнінде балабақша әдіскері Д.Жұмаділова тоқталып өтті: әр баланың қиялын дамытып, бойындағы өнерді, талапты жандандыруда шығармашылық қасиет керек. Ал, әр педогог бойындағы қасиет қай салаға бейімді екенін, немесе өзі бір қызығатын тақырыпта ізденіп, тәжірибе жинақтау, материалдар жинап, бала бойындағы қасиеттерді оятуға себебі тисе дейміз. Мына тақырып ыңғайлы деп қана емес, қызықты тақырып алу қажет. Және үнемі ізденіп, дамытып, өзі де дамып отырады. Бәріміздің сол тұсымыз шетте қалып қояды, тақырыбымыз сол, жыл бойы ықтияттап естен шығармау, басқа салалармен байланыстыра отырып жұмыс істеу керек. Бәріңіздің материалдарыңыз аз, іздену де аз. Ойларыңызды жинақтап, тиянақты жұмыс істеулеріңіз қажет.

3.Тыңдалды: Жазғы маусымға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту, жүргізу жөнінде балабақша меңгерушісі Д.Жұмаділова тоқталып өтті: Мақсаты: Балабақшадағы балаларды салауатты өмір салтын үйрету баланың денсаулықты сақтау, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік құзіреттілігін арттыру.

-Тапсырма:

- Балалардың денсаулығын нығайту
- Баланы салауатты өмір салтын үйрету.

-Баланың қызығушылығын арттыру
- Қоршаған орта мәдениетімен таныстыру
- Жазғы демалысты ұйымдастыру шараларымен тәрбиешілерді таныстыру
Ата аналармен бірге баланың жазғы демалуына жағдай жасап, жұмысты жүргізу. Балабақшадағы тәрбиеленуші балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарының сәтті өтуі көбінесе оқу тәрбие процесінің барлық қатысушыларының оған қаншалықты сауатты және уақтылы дайындалғандығымен анықталғандығын айтылды.

4.Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Д.Жұмаділова балалардың сапалы білім алуына жасалған жағдайлар. Тәрбие мен білім беру жұмыстарының мониторингі бойынша жыл есебінің қорытындысына есеп берді. Оқу жылы барысында балабақшада өткізілген барлық іс шараларына (ойын сауық, ертеңгілік, мерекелер, байқауларды ұйымдастыру, музыкалық залды тақырыптарға сәйкес безендіру, ертеңгіліктердің ерекше сценарийін ойлап жазу т.б) тікелей қатысқан педагогтардың кәсіби шеберлігінің тиісті деңгейде екенін көрсетті.

Шешімі:

1.Балалар жүрегіне жол табатын мейрімді іс-әрекеттерге, табыстарға ұмтылу. Жауапты :педагогтар

2.Белгіленген шығармашылық тақырыптарының мазмұнына, мақсатына сай материалдар жинақтап, толтыру, іздену. Жауапты :педагогтар

3.Жазғы маусымға арналған, бекітілген іс-шаралар өз уақытында, жауапкершілікпен өткізілсін. Жауапты: Мейірбике

А.Закирова, тәрбиешілер

4.Балалардың сапалы білім алуына жағдайлар жасалсын. Тәрбие мен білім беру жұмыстарының мониторингін бақылау балабақша әдіскері Д.Жұмаділоваға жүктелсін.

